

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 желтоқсандағы № 1440 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 30, 259-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінде:

4-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясы;».

мынадай мазмұндағы 3.2-1-бөліммен толықтырылсын:

«3.2.-1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясы

15-1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру мақсатында әзірленеді және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы негізгі проблемалар мен қауіп-қатерлерді, стратегиялық мақсаттар мен нысаналы индикаторларды, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштерін айқындайды.

15-2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясын мемлекеттік

жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган орта мерзімді (5 жылға) немесе ұзақ мерзімді (5 жылдан астам) кезеңдерге әзірлейді.

15-3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігі стратегиясының құрылымын, базалық тәсілдері мен негізгі мазмұнын Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі мақұлдайды.

15-4. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

15-5. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясын іске асыру үшін оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары әзірленеді.

Іс-шаралар жоспарын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган кезең-кезеңімен әзірлейді және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясы бекітілген күннен бастап үш ай мерзімде Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

15-6. Іс-шаралар жоспарын іске асыру қорытындыларын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің қарауына енгізеді. ».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті Н. Назарбаев